

Көсембай негізгі мектебі

Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

«Кітаппен серуен» квест ойыны.

Оқушылардың 15 минуттық қонырауын тиімді пайдалану негізінде өтілген іс - шара барысы:

Кітапханашы: Сәлеметсіздер ме? «Кітаппен серуен» атты кітапханалық квестке қош келдіңіздер!

Квест дегеніміз не?

1) Квест – ағылшын тілінен аударғанда «іздеу» немесе «оқиға» дегенді білдіреді. Кез келген оқиғаны іске асыруда іздену арқылы жүзеге асыратын ойын, тапсырмалар.

2) Кітапханалық квест – бұл кітапханамен және оның қорымен (шарттарымен) кітапхана аумағында және кітаптар әлемімен толық танысу жұмыстары.

Мақсаты: Келесі тапсырмаға өтуге көмектесетін жауап табу.

2) Шарты: Барлық тапсырманы орындауда ережені сақтай отырып, әділ ойнау.

1. «Бастау»

Кітап оқу жайлы қызықты деректер:

— Ғалымдардың айтуынша, кітапты баяу оқуға қарағанда, жылдам оқу кезінде көз анағұрлым аз шаршайды екен.

— Адамдардың 95 пайызы кітапты өте баяу оқиды — минутына бар болғаны 180-220 сөз (1 бетті 1,5-2 минутта).

— Кітапты дәстүрлі түрде оқуда оны түсіну деңгейі 60 пайызды құраса, жылдам оқуда — 80 пайыз.

— Кітап оқу кезінде оқырманның көздері әр әріпті жеке сурет ретінде көрсетеді, ал ми оларды бір суретке біріктіреді.

— Оқу дағдысы орташа есеппелетін адамның көзі кітаптың бір қатарына 12-16 рет кідірсе, жылдам оқитындар — тек 2-4 рет қана кідіреді.

2) Шатасқан әріптердің арасынан 8 атақты адамның тегін тап.

**ЦУКҚҰНАНБАЕВЕНИНФЫМАҚАТАЕВДЖЭЯЧСМИТЬҚАЙСЕНОВБЮЙЖАБА
ЕВЦУКЕНЗХЪФЫВСҮЛЕЙМЕНОВАПЛОГИТЬБОЛГДЙЦУКБЛНГШЦЗХЪФЫДР
ӘУЕЗОВПРОЛДЖЭЯЕРРОЛӘУЕЗОВНРОШОНЧЛСОҚПАҚБАЕВАКУВБОУАЖҮМ
АБАЕВСКИЙЮД**

Кітапханашы: Жарайсыздар, бірінші тапсырманы жақсы орындадыңыздар!

Екінші бөлім: «Ойлан, тап»

1- тапсырма. (қалып қойған әріптерді қойып, кітап атауын табу)

1. Ба..л.қ ша.қа с..хат.
2. Үл...нд.рд.н ү.р.н.п.
3. Қ..ық .ыс.л.
4. ..лпан.
5. Ә.ре.тке ш.ғу.
6. Т.за б.л.қ

7. Қ.л.ң е.ім қа.ағ.м
8. Қ.л.ге.р.
9. Ұ.қ.н ұя.
10. .ау т.лы.д.ғы б.ла.

2- тапсырма.(осы кітап атауларын авторымен сәйкестендіру)

1. Бердібек Соқпақбаев
2. Мұзафар Әлімбаев
3. Ахмет Байтұрсынов
4. Ғабит Мүсірепов
5. Мұхтар Шаханов
6. Ыбырай Алтынсарин
7. Абай Құнанбаев
8. Ілияс Жансүгіров
9. Бауыржан Момышұлы
- 10.Қасым Қайсенов.

3- бөлім: Кітап таңда.

Қалаған кітаптарынан дауыстап үзінді оқу.

Ойындардың нәтижесі:

Оқушылар ортасында кітапхана беделі арта түседі: квесттен балалар өте жақсы әсер алады.

Квест үшін мыналар қажет:

- 1) Карта-бағыт белгіленген бақылау аялдамалары;
- 2) Аялдамалар атына қатысты сұрақтар мен тапсырмалар;
- 3) Аялдамалардан өту уақытын белгілеу;
- 4) Берілген тапсырмалар арқылы қандай орын екен табу;
- 5) Балаларға ширату мақсатында берілген қосымша тапсырмалар.



